



БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығының»
КМҚК директоры

Б.Х. Абдикерова
Б.Х. Абдикерова

« 31 » 08 2022 жыл

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған облыстық «Үздік бейнесабак» байқауын өткізу ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1. Осы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Тіл туралы» заңы негізінде қазақ әдебиетінің классигі, қазақ халқының сөз өнерінің, көркем прозасының асқар шыңы, көрнекті қазақ жазушысы, драматург және ғалым, әдебиет зерттеушісі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы қарсаңында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында өткізілетін Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған «**Үздік бейнесабак**» байқауының (бұдан әрі – байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметін, өткізу тәртібін, қатысуын және жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

Байқау Қарағанды облысы білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.

2.1. Байқаудың мақсаты: Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқыту және үздік бейнесабактарды іріктеу арқылы озық педагогикалық идеяларды дамыту.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- инновациялық әдістер арқылы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқыту;
- мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамытуға ықпал ету;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту үрдісінде қолдану бойынша педагогтердің іс- тәжірибесін тарату;
- оқу процесінде үздік бейне сабақтар қорын жинақтау.

II. Байқаудың шарттары мен талаптары:

2. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

- Бейнесабак мазмұнының оқу бағдарламаларына, байқау ережесіне сәйкестігі;
- инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігі;
- ақпараттық құралдармен сүйемелдеу деңгейі;

- тіл мәдениетінің жоғары болуы;
- ең төменгі өлшемі (720x480) қатынасы (16:9);
- пішімі *.mp4.;
- бейнематериалдың хронометражы 45 минут.

III. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- байқау жұмысының мазмұнына сәйкестігі;
- сабақ тақырыбының ашылуы;
- сабақты өткізу сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- сөйлеу мәнері мен анықтығы (логикалық екпін, дауыс ырғағы, тембр);
- мәтіннің бейнелік жүйесі мен мазмұндық құрылымын терең сезіну;
- сюжеттік желіні құру қисыны;
- бейнематериалда IT қолдану құзыреттілігі;
- дыбыс сапасы.

IV. Байқауға қатысу тәртібі.

4.1. Байқауға жалпы білім беру ұйымдарының, мамандандырылған мектеп-интернаттарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатыса алады.

4.2. Байқауға ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

Байқауға қатысу үшін өтінім, жұмыстарды беру уақыты – 2022 жыл **17 қазанға** дейін.

Байқауға қатысу үшін бейнесабақтарды Google Диск немесе Яндекс Диск интернет-сервисіне жүктеп (бейнесабақ жүктегенде ашық қолжетімді болу керек) сілтемесін өтініште көрсету қажет. Байқауға қатысу өтінімі **umc-ro@umckrg.gov.kz** электронды мекенжайына 2022 жылдың 17 қазанына дейін жіберіледі.

V. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1. Үздік жұмыстарды іріктеу **2022 жыл 18-21 қазан** (өткен, өтпегені туралы ақпарат арнайы хатпен жіберіледі)

5.2. Байқаудың қорытынды кезеңі **2022 жыл 27 қазанда** өткізіледі.

VI. Қорытындылау және марапаттау

Байқау жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Анықтама телефоны: 44-56-30 – Байқауды ұйымдастыру комитеті.

**Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған
облыстық «Үздік бейнесабақ» байқауына қатысуға
ӨТІНІШ**

Қатысушының аты-жөні	
Қала/аудан немесе ММИ атауы	
Пәні	
Сыныбы	
Тақырыбы	
Бейнесабақ сілтемесі	
Электрондық мекенжайы	
Байланыс телефоны	

Келісілді:  Мукашева Г. Г., МДЖЖОББ бөлімінің меңгерушісі